

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуді (жылжуды) көздейтін капиталдың қозғалысына байланысты операцияларды жасауға, сондай-ақ резиденттердің шетелде шоттар ашуына жазбаша келісім берудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2000 жылғы 28 қарашадағы N 509 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1395. Күші жойылды - ҚР Қаржы Министрінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 309 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуді (жылжуды) көздейтін капиталдың қозғалысына байланысты операцияларды жасауға, сондай-ақ резиденттердің шетелде шоттар ашуына жазбаша келісім берудің процесін реттеу мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуді (жылжуды) көздейтін капиталдың қозғалысына байланысты операцияларды жасауға, сондай-ақ резиденттердің шетелде шоттар ашуына жазбаша келісім берудің ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2 . М ы н а л а р :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің капитал қозғалысына байланысты және валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуді (жылжуды) көздейтін операцияларды жасауға, сондай-ақ резиденттердің шетелде шоттар ашуына жазбаша келісін алу үшін өтінім берушілердің ұсынған құжаттарын қарау нәтижелері бойынша қорытындыларды қарауды және әзірлеуді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің уәкілетті құрылымдық бөлімшесі белгіленген тәртіппен жүзеге асырады ;

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуді (жылжуды) көздейтін капиталдың қозғалысына байланысты операцияларды жасауға, сондай-ақ резиденттердің шетелде шоттар ашуына жазбаша келісім беруге жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қаржы вице-Министрі қол қояды деп белгіленсін .

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
28 қарашадағы 2000 жылғы

N 509 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуді (жылжуды) көздейтін капиталдың қозғалысына байланысты операцияларды жасауға, сондай-ақ резиденттердің шетелде шоттар ашуына жазбаша келісім берудің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Капитал қозғалысына байланысты валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуді (жылжуды) көздейтін операцияларды жасауға V970314_ , сондай-ақ резиденттердің шетелде шоттар ашуына жазбаша келісімді (бұдан әрі - Келісім) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің уәкілетті құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі - уәкілетті құрылымдық бөлімше) жүзеге асырады.

2. Келісім уәкілетті құрылымдық бөлімшенің атына осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген тиісті құжаттарды жолдаған заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - Өтінім беруші) беріледі.

3. Келісім мынадай операцияларға беріледі:

1) валюталық құндылықтардың резиденттерден резидент еместердің пайдасына көшуді (жылжуды) көздейтін капиталдың қозғалысына байланысты және 100 мың АҚШ долларына баламалы сомадан асатын операцияларға: шетелдегі резиденттердің инвестицияларына (уәкілетті банктердің бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметтерін, атап айтқанда резидент еместердің мемлекеттік бағалы қағаздармен брокерлік және дилерлік қызметтерін қ о с п а ғ а н д а) ;

резиденттерден резидент еместердің пайдасына алынған мүліктік және жылжымайтын мүлікке деген өзге де құқықтардың төлемдеріне;

резиденттердің резидент еместердің 120 күннен астам мерзімге арналған экспорттық-импорттық мәмілелері бойынша несиелендіруге байланысты есептерді жүзеге асыруына;

резиденттердің резидент еместерге 120 күннен астам мерзімге арналған несиелерді беруге;

2) резиденттердің шетелдерде шоттар ашуына.

4. Берілген Келісімдердің есебін есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 күнінен кешіктірмей тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне әрбір берілген Келісім бойынша Келісім-шарттардың (Шарттардың, Келісімдердің) сомасын, Келісімді алған заңды және жеке тұлғаның атауын көрсете отырып, берілген Келісімнің саны туралы ақпаратты беретін уәкілетті құрылымдық бөлімше жүргізеді.

5. Келісімді беру немесе оны беруден негізделген бас тарту туралы шешімді уәкілетті құрылымдық бөлімше Өтінім берушіге 15 күннен аспайтын мерзімде, ал егер Өтініш беруші шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылса, ол осы Ережеге сәйкес барлық қажетті құжаттарды берген күннен бастап 10 күн ішінде жібереді.

6. Келісім Өтінім берушіге тек осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген барлық құжаттар ұсынылған жағдайда ғана беріледі.

2) қаржыландыру көздерін көрсете отырып, осы Ереженің 3-тармағына сәйкес капиталдық қозғалысына байланысты операцияларды жүргізу қажеттігінің экономикалық негіздемесін;

4) жеке тұлғаны растайтын құжаттардың көшірмесін (жеке тұлғалар үшін);

б) алдын-ала төленген жағдайда төлем құжаттарының көшірмесін (120 күннен астам мерзімге арналған экспорттық-импорттық мәмілелер бойынша резидент еместерді несиелендіруге байланысты резиденттердің есептемелерді жүзеге асыруына арналған Келісімді алу үшін резидент өтініш берген кезде);

8) несиелік келісімнің көшірмесін (егер шетелде шот ашу несиелік келісімнің

шарты болып табылған жағдайда);

9) резидент Қазақстан Республикасының валюталық заңдарының талаптарын сақтамаған жағдайда, Өтінім берушінің валюталық заңдарды бұзғаны үшін мемлекеттік бюджетке айыппұл төлегенін растайтын төлем құжатын (операциялардың тиісті түрлеріне арналған Келісімді алу үшін резидент өтініш берген кезде);

10) Өтінім берушінің Келісім беруге арналған өтінішті бергенге дейін 10 күнтізбелік күннен аспайтын уақытқа салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша Өтінім берушінің берешегінің жоқтығы туралы Өтінім берушінің тіркелген жері бойынша салық органының құжатын (заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін). Құжаттардың толық емес пакетін берген жағдайда, бөлімше Өтініш берушіден салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша Өтінім берушінің неғұрлым кеш мерзімдегі берешегінің жоқтығы туралы, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктерде шоттарының бар-жоғы туралы тіркелген жері бойынша салық органының құжатын сұратуға құқығы бар;

11) соңғы есепті күнгі салық органының белгісімен заңды тұлғаның жылдық балансын (шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін) беруге міндетті.

8. Өтінім берушінің уәкілетті құрылымдық бөлімшенің жіберген ескертпелерін қалпына келтірген жағдайда Келісім беруге деген өтініш жалпы негізде қаралады.

9. Келісімде осы Ереженің 3-тармағына сәйкес капиталдың қозғалысына байланысты операцияларды жүргізуге арналып берілген Келісімде әрекет ету мерзімі көрсетілуі мүмкін.

4. Келісім беруден бас тарту

10. Келісім беруден бас тарту мынадай: салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегі болған;

мемлекет кепілдік берген заемдар және мемлекеттік бюджеттен берілген несиелер бойынша заңды тұлғаның берешегі болған;

осы Ереженің 7-тармағында көрсетілген құжаттарды түгел ұсынбаған жағдайда;

қасақана жалған ақпарат берген жағдайда;

Қазақстан Республикасының уәкілетті банктері арқылы - резиденттерге шетелдерде шоттар ашуға арналған Келісімді алу үшін резидент өтініш берген кезде шетел валютасында және теңгемен операцияларды жүргізудің мүмкіндігі болғанда;

экспорттық-импорттық мәмілелерді экономикалық тиімсіз және резиденттердің резидент еместерге 120 күннен астам мерзімге арналған несие

берген, резиденттердің шетелде инвестицияларды жүзеге асырған жағдайларда (Өтініш берушінің ағымдағы жай-күйін, яғни заңды тұлғаның меншікті қаражатымен қамтамасыз етілгендігін немесе оның қаржылық дәулеттілігін сипаттайтын меншікті және заем қаражаттық қарым-қатынастарының өлшемі (левераж) жүргізіледі.

5. Басқа да жағдайлар

11. Келісім бір жолғы болып табылады және осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген операциялардың бірін жасау үшін ғана беріледі.

12. Келісімді уәкілетті құрылымдық бөлімше резиденттің берілген Келісімнің негізінде жүргізілген операциялар бойынша міндеттемелерге қатысты уәкілетті құрылымдық бөлімше тарапынан қандай да бір міндеттемесіз береді.

13. Осы Ережені бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.